

## **Баланың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата-аналарға арналған жадынама**

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – зиянды ақпарат, оның ішінде Интернет желісінде таралатын ақпарат алу арқылы баланың денсаулығына және оның дамуына (физикалық, психикалық, рухани және адамгершілік) зиян келтіру қаупін жоюды білдіреді.

**Баланың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапкершілік оның ата-анасының мойнында.**

**Ата-ананың міндеті – баланың Интернетті пайдалануын өз бақылауына қою және баланың Интернет жеткізетін қызметтер мен ақпаратты тұтыну мәдениетін қалыптастыру.**

### **ИНТЕРНЕТ БАЛАЛАР ҮШІН НЕСІМЕН ҚАУІПТІ? ҚАУІП ТҮРЛЕРІ:**

- 1) Тыйым салынған заттар мен ұғымдар туралы ақпарат тарататын сайттар. (порнография, зорлық-зомбылық, есірткі, тыйым салынған идеология және көптеген т.б.);
- 2) Ойындар;
- 3) Құмар ойындар;
- 4) Форумдар, әлеуметтік желілер, зиянды тақырып сайттары;
- 5) Интернетте алаяқтар көп;
- 6) Шынайы өмірде алдау.

**Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін,  
МЫНАДАЙ ЖЕТІ ЕРЕЖЕНІ ОРЫНДАУ ҚАЖЕТ.**

**БІРІНШІ ЕРЕЖЕ.** Балаларыңыз Интернетте немен айналысатынынан хабардар болыңыз.

**ЕКІНШІ ЕРЕЖЕ:** Балалардан қандай чаттарға, топтарға, хабарландыру парақшаларына кіретінін және кіммен араласатынын сұрап біліңіз. Қадағаланатын чаттардағы қарым-қатынасын құптаңыз (спорт, музыка сабақтары бойынша сыныптастарымен, достарымен және т.б.) және балалардың тек ортақ чат терезелерінде ғана араласуын талап етіңіз.

**ҮШІНШІ ЕРЕЖЕ:**

Балаларыңызға Интернетте қандай да бір адамға өзі туралы ақпарат бермеуі (мобильді телефон нөмірі, үй мекенжайы, мектебінің атауы мен нөмірі), сондай-ақ өзі мен отбасының фотосуреттерін орналастырмауы тиіс екенін түсінуге көмектесіңіз.

#### **ТӨРТІНШІ ЕРЕЖЕ:**

Балаңызға оған және сізге белгісіз адамдардан жіберілген файлдарды ашуға болмайтындығын түсіндіріңіз. Бұл файлдарда вирустар немесе зиянды, агрессивті мазмұндағы фото/бейне болуы мүмкін.

#### **БЕСІНШІ ЕРЕЖЕ:**

Балаңызға Интернетте кей адамдардың өтірік айтуы және өзі көрсеткен адам болып шықпауы мүмкін екенін түсінуге көмектесіңіз. Сіздің балаңыз ешқашан өз бетінше, ересектерсіз шынайы өмірде интернет-достармен кездеспеуі керек.

#### **АЛТЫНШЫ ЕРЕЖЕ:**

Балаларыңызды Интернетте біреу ренжіткен немесе агрессивті сөздерге, кінәлауға, балағаттауға тап болған жағдайда, оларды дұрыс әрекет етуге үйретіңіз. Оларға бұндай жағдайларды Сізге айтуы тиіс екенін және Сіз міндетті түрде көмектесетініңізді айтыңыз.

#### **ЖЕТІНШІ ЕРЕЖЕ:**

Сіздің үй компьютеріңізде сүзгілеу құралдарының орнатылғанына және дұрыс күйге келтірілгеніне көз жеткізіңіз. Бұл жерде Сізге интернет-қауіпсіздік саласындағы маман көмектеседі.